«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыннның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жиналысының

Жосалы кенті № 06 04.05.2023 жыл

Сағат: 09-00

Қатысқандар; заңгер-Т. Каримов, аудан газ шаруашылық басшысы Е. Мусаев, қызметкерлер.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық баскрамасы № 4 «Сыбайлас жемкорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты және сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау туралы.

Тыңдалды: заңгер Т. Каримов, Е. Мусаев

Қызылорда облысының әкімінің 2023 жылға бекітілген жоспарына сәйкес квазимемлекеттік субъектілері қызметкерлерінің жұмыс барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және алды алу туралы түсіндірме жүргізілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Яғни, осы аталған заңының 5-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері, оның ішіндегі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу:

1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сонымен қатар, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарға заңда көрсетілген жауапкершіліктер қолданылатын туралы айтылды.

Алдын алу – профилактикалық жұмыста да жүйелік жоқ. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу және қабылдау басымдық болуы тиіс. Жемқорлық қазіргі

танда еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп жатқан үлкен мәселердің бірі. Кез-келген адам өз құқығын білу керектігін және барлық заңдарды жетік білу керектігін көрсетті. Барлық қызыметкерлерге осы жиналыс арқылы әр адам Жемқорлыққа жоқ деп айта алатындай сауатты және саналы болуы керек.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын жағдайларды алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа мүмкіндік туғызатын себептерге жол бермеуі және осындайда бір мүмкіндік туғызатын себептер анықталған жағдайда тиәстә органдарға немесе басшылар тарапына хабарлауы тапсырылды.

**Директор** **Н. Шаухаманов**